

СТИВЕН КРАШЕННИЦ 5 ГИПОТЕЗАСЫ ЖӘНЕ ТАБИҒИ ТӘСІЛ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕНДЕРТУ

Ақсұлу Құлмағамбетова

НҰР-СҰЛТАН – 2021 Ж.

ТАБИҒИ ТӘСІЛ

- **Табиғи тәсілдің** негізін салушылар **Трейси Террел және Стивен Крашен** (Tracy Terrell, Stephen Krashen)
- Табиғи тәсіл деп адам баласының өзге тілді үйренуде ана тілін меңгеру тәжірибесіне сүйенуі деп сипатталады.
- Коммуникация тілдің бастапқы қызметі болғандықтан, тілді үйретуде коммуникативтік тәсілді қолдану қажет және тілдік құрылымдарды үйреткеннен гөрі тіл үйренушінің коммуникативтік қабілетін дамыту керек деп есептейді.
- Табиғи тәсілдің өзге тәсілдерден өзгешелігі **тілдің қызметі мен сөздік қорды негізге алуында:**
 - *Тіл мағына (ой) мен хабарды жеткізу құралы;*
 - *Сөздік қор бастапқы мәнге ие, себебі тіл – ол лексика;*
- Тіл үйренуші өзге (мақсатты) тілдегі хабарды түсінбесе және оның қажетті сөздік қоры қалыптаспаған болса, тілді қабылдау (меңгеру) жүзеге аспайды.
- Стивен Крашеннің тілдің меңгеру туралы 5 гипотезасы бар.



Стивен Крашен
(1941, Чикаго, Иллинойс) - Оңтүстік Калифорния Университетінің профессоры, лингвист. Екінші тілді меңгеру теориясына үлкен еңбек сіңірді (Theory of Second Language Acquisition)

1. Қабылдау – үйрену гипотезасы (The Acquisition-Learning Hypothesis)

С. Крашен қабылдау (acquisition) мен үйренуді (learning) екі бөліп қарастырады.

- **Қабылдау – тілдің меңгерудің табиғи жолы, яғни шынайы коммуникация арқылы үйрену.** Баланың ана тілін меңгеру процесі бейсаналы түрде жүзеге асады және баланың еркін сөйлеуі тілді (сөзді) түсіну, мағыналы коммуникацияға қатысу арқылы біртіндеп дамиды.

- **Үйрену – тілді оқытудың формальді білімі.**

Бұл процесте тілді меңгерту саналы түрде жүзеге асады. Тілдің формалары туралы білім беріліп, соны сөйлеуде қолдануға басымдық береді. Ережеге сүйену және ережеге сай қатені түзеу – үйрену процесінің анық көрінісі.



2. Бақылау (редактор) гипотезасы (The Monitor Hypothesis)

Тілді үйрету процесі тілді қабылдау процесінен өзгеше жүреді. Тілді оқыту барысында ережелер, грамматикалық жаттығулар талап етілетіндіктен, үйрену процесіне ішкі бақылаушы (редактор) араласады. Тіл үйренуші ішкі бақылаушыға тәуелді болады. Оларды 3 топқа бөлуге болады:

- 1) Ережеге аса мән бермейтін үйренушілер
- 2) Ереженің рөлін тым жоғары бағалайтындар
- 3) Ережені қажет жағдайда ғана қолданатындар.



3. Табиғи кезең гипотезасы (The Natural Order Hypothesis)

- Балада ана тілін меңгеру барысында грамматикалық құрылымдарды меңгеру белгілі бір кезеңмен жүзеге асады.
- Екінші тілді меңгеру барысында дәл сондай кезең қайталанады. Бастапқы кезеңде ана тілінде сөйлегенде қате жіберу даму процесінің бір бөлігі болып табылады. Бұл екінші тілге де тән.



4. Кіріс гипотезасы (The Input Hypothesis)

Кіріс деп тілді меңгеру үшін ұсынылатын оқыту материалдарын, ақпараттарды атауға болады.

Тіл үйренушіге мұғалім тек келесі формулаға сай ақпарат ұсынуы қажет: L (level) +1.

Яғни оқушыға **мәлім ақпарат** + оған түсінікті тілде **жаңа ақпарат** ұсынылады.

Ұсынылатын жаңа ақпарат әрдайым оқушының тілдік деңгейінің бір саты жоғары болады.

Тіл үйренушінің өзге тілде еркін сөйлеуі оған ұсынылатын материалдың (кіріс-input) түсінікті болуы және тиімді болуымен тікелей байланысты.



5. Эмоционалды фильтр гипотезасы (Affective Filter Hypothesis)

Тілді қабылдауға әсер ететін эмоционалды қарым-қатынастың 3 түрі бар. Бұл эмоционалды қарым-қатынас тілді меңгеруде қажетті ақпаратты қабылдау үшін кедергі болуы мүмкін немесе материалды еркін қабылдауда жетекші рөл атқаруы мүмкін.

Олар:

1. **МОТИВАЦИЯ**
2. **СЕНІМ**
3. **ҮРЕЙ**



Табиғи тәсіл негізінде оқыту келесі қағидаттарға сүйенеді:

- Тіл үйренушілердің көммуникативтік қабілеттерін дамыту;
- Бастапқы деңгейдегі тіл үйренушілерді орта деңгейге жеткізу;
- Синтаксистік құрылымға дейін алдымен сөздік қорды меңгерту;
- Мағыналы және қызықты ақпаратты (input) көптеп ұсыну;
- Визуалды материалдарды қолдану;
- Тыңдалым мен оқылымға басымдық беру, себебі айтылым кейін пайда болады.
- Эмоционалды фильтрді азайту.



ТАБИҒИ КЕЗЕҢ



Кез келген адам өзге тілді меңгеру барысында кішкентай сәби секілді тілді меңгеру кезеңдерін өткереді. Бала сәби кезінде дыбыстарды қабылдап уілдей бастайды, кейін қысқа буынды жеке сөздерді айта бастайды, өсе келе сөйлем құрап сөйлей бастайды.

Бұл табиғи тәсіл.

Кез келген адам басқа тілді меңгеру барысында өз ана тілінің тәжірибесіне сүйенеді.

Алан Кроуфорд (Alan Neal Crawford) Коммуникативный подход в овладении Я2 и Я3 – Как научить учащихся понимать и говорить?

ТІЛДІ ҮЙРЕНУГЕ ҚАНША
УАҚЫТ ҚАЖЕТ?

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРІБЕ

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, екінші тілді игеруде тіл үйренуші тілдік деңгейі орта деңгейге жету үшін 2 жылдай уақыт кетеді. Осы жайт кез келген адамның тез уақыт аралығында грамматикалық сауатты сөйлеп кетпейтінін білдіреді.

Сол себепті оқытушы тіл үйренушіден тез арада жақсы нәтиже талап етпей, оны өзгелермен салыстырып бағаламауы қажет.



ТІЛ ҮЙРЕТУ ҮШІН...

Қызығушылық

Сабырлық

Дифференциация

Қолдау

Қазақ тілінде
сөйлеу



«ҮНСІЗДІК КЕЗЕҢІ» (SILENT PERIOD)

Ерекшелігі

- Қазақ тілінде мүлдем сөйлей алмайтын, түсінбейтін адам алғашында «үнсіздік кезеңін» бастан кешіреді. Ол кез келген тіл үйренушінің табиғатына тән құбылыс.

- Үнсіздік кезеңі ең көп дегенде екі айға созылуы мүмкін. Бұл кезеңде тіл үйренуші түсінгенін жай ғана ым-ишарамен көрсете алады, қысқа, нақты айтылған сөздерді түсінеді.

- Сөздік қоры 500 сөз көлемінде болуы мүмкін. Алайда тіл үйренуші қарапайым сөздерді түсінеді, үйренген сөздерінің тек 50-60 ғана қолдана алады.



ҰСЫНЫС

1. Мұндай тіл үйренушілермен тілдескен кезде мұғалім қысқа, анық және қарапайым жылдамдықпен сөйлеуі керек.
2. Сабақ барысында тілдік деңгейі аралас қатысушылармен отырғандықтан, дифференциацияны қолдану талап етіледі.
3. Мұндай тіл үйренушілердің сәл ғана жасаған жетістігін мұғалім жақсы бағалап, үнемі мақтау айтып, қолдап отыру қажет. Сол кезде ғана оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығы оянады.
4. Ал жеке жұмыс жүргізгенде қажетті лексикалық минимумға назар аудару қажет. Яғни ауызекі сөйлеуге қажетті сөздер, сөз тіркестері, кез келген сөзді қойып қолдана алатын дайын тіркестер (жай сөйлемдер) беріледі.
5. Ескеретін жайт, грамматикалық тақырыптарды, күрделі ұғымдарды бермеген жөн. Бұл тіл үйренушінің сөйлеуіне кедергі жасайды, грамматикалық дұрыс сөйлей алмаймын деген қорқыныш туғызады.

«БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢ»

Ерекшелігі

«Бастапқы кезеңде» тіл үйренуші ым-ишарамен, жекелеген сөздермен жауап береді. Мысалы: «иә», «жоқ» сөздері.

Сөздерді тізімдеу, тақырыптарға сай іріктеу тапсырмаларын орындай алады.

Олардың пассивті сөздік қоры 1000 сөз шамасында болу мүмкін, алайда оның 100 шақтысын ғана қолданып сөйлейді.

Яғни сөздерді қолдану аясы шектелген.



ҰСЫНЫС

1. Мұндай тіл үйренушілермен сөйлескен кезде мұғалім анық және қарапайым жылдамдықта қысқа тіркестермен, жай сөйлемдермен сөйлесуі қажет. Қажет болған жағдайда ым-ишараны қолдануға болады.
2. Сабақ барысында және бағалау кезінде тілдік деңгейі аралас қатысушыларға дифференциацияны қолдану, тілдік деңгейі төмен топтың мүмкіндігін ескеру талап етіледі.
3. Аз ғана жасаған жетістігін мұғалім жақсы бағалап, үнемі мақтау айтып, қолдап отыру керек. Қосымша жұмыс жүргізу барысында жиі қолданыстағы сөздерді, сөз тіркестерін, дайын тіркестерді ұсына алады.
4. Сонымен қатар ұсынылған материалдар қатысушылардың тілдік деңгейіне бейімделуі қажет. Белгілі бір мәтінге тапсырма құрастыру барысында жабық сұрақ формасында дайындаған жөн.

«СӨЙЛЕЙ БАСТАУ КЕЗЕҢІ»

Ерекшелігі

Бұл уақытта тіл үйренушілер сөйлеу барысында қателіктер жібереді, алайда ойын жеткізе алады, диалогке қатыса алады, сұрақтарға жауап береді, сұрақ қоя алады, ашық/жабық сұрақтарға жауап береді.

Грамматикалық сауатты сөйлеудің алғашқы белгілері пайда бола бастайды.

Оқушылардың сөздік қоры 2500-5000 сөзді құрауы мүмкін, алайда оның 250-500 шақтысын белсенді қолданады.



ҰСЫНЫС

Тіл үйренушілермен жеке жұмыс жүргізгенде тақырыпқа сай материалдар (тыңдалым, оқылым) таңдалғаны дұрыс. Практикалық тапсырмалар арқылы қарапайым грамматикалық формаларды (жалғаулар, шақтар) беруге болады.

Сабақ барысында және бағалау кезінде тілдік деңгейі аралас топқа дифференциацияны қолдану, тілдік деңгейі төмен қатысушының мүмкіндігін ескеру талап етіледі.

«ОРТА ДЕҢГЕЙ КЕЗЕҢІ»

Ерекшелігі

Бұл кезеңде қатысушылар сұрақтар мен тапсырмаларды өздігінен түсіне алады, ана тілінде сөйлеушілермен ұзақ әңгімелесе алады, аутентті материалдарды түсіне бастайды, мәтіндер құрастыра алады.



ҰСЫНЫС

Бұл кезеңде қатысушылардың академиялық тілін қалыптастыра бастаған дұрыс және сөздік қорын молайту жұмыстары жүргізіле береді.

Мұғалім әртүрлі тақырыптарға байланысты мәтіндер, шығармалардан үзінділер ұсына алады. Әртүрлі сөздіктермен жұмыс жүргізе отырып, тіл үйренушілерді өз бетімен оқуға, қазақ тіліндегі түрлі ресурстарды қолдануға үйрету керек.

Бірінші тіл

Екінші тіл

Жасы

Сәби кезінен бастап есейгенше үйренеді (білім алуы, дағдыларын қалыптастыруы осы тілде жүреді)

Бастауыш немесе негізгі мектептен бастап үйренеді. Тіл үйренуді есейгенше жалғастырады.

Меңгеру жолы

- Тілдік орта арқылы үйренеді.
- Коммуникацияға түсуге қажеттілік бар, мотивациясы жоғары.
- Отбасымен, достарымен қарым-қатынасқа түседі.
- Баланың айналасында кездесетін заттар туралы сөйлеседі.
- Бала дүниеге келген сәттен бастап тілді тыңдап өседі (үнсіздік кезеңі).
- Ойын арқылы және жаңа сөздерді қолдану арқылы үйренеді.

- Кейді тілді орта арқылы үйренеді, бірақ көп жағдайда ол тілді оған оқытады.
- Мотивациясы кейде жоғары, кейде орташа немесе мүлдем болмайды.
- Сыныптастарымен немесе мұғаліммен ғана қарым-қатынасқа түсу арқылы үйренеді.
- Сыныптан тыс жерде күнделікті өмірге қатысты сөздермен тілдесе алады.
- Тіл туралы материал берген соң, коммуникацияға (ауызша, жазбаша) түсуге қажеттілік пайда болады.
- Тілді тек жаттығулар барысында қолданады.


Контекст

- Бала тілді үнемі және барлық уақыт бойы естиді.
- Бала отбасымен, достарымен жиі сөйлеседі және қарым-қатынасқа түседі.
- Балаға эксперимент жасауға көп мүмкіндік беріледі.
- Баланы ата-ана үнемі мақтап отырады (айналайын, жарайсың) және қолдау көрсетеді.
- Балаға түсінікті болу үшін ата-ана өте қысқа және қарапайым тілде сөйлеседі.
- Ата-ана баласы қате сөйлеп жатырса, түзей бермейді, ойын жеткізуге мүмкіндік береді.

- Балаға екінші тілді қолдануға мүмкіндік (орта, достар, отбасы) жоқ.
- Әдетте пәнге аптасына 3-5 сағат қана беріледі.
- Мұғалімдер қарапайым тілде сөйлеуге тырысады, қолдау аз, қатені бірден түзетеді.

Интерференция (лат. inter — аралық, өзара, лат. ferio - тиісемін) — қостілділік (көптілділік) жағдайында тілдердің бір-біріне әсер етуі. Интерференция екі тілді игерген адамның сөзінде шеттілдік акцент түрінде пайда болады. Ол тұрақты немесе ауыспалы болуы мүмкін.

- Ана тілі екінші (шет тілі) тілге әсер етеді;
- Оқушы тілді үйренген кезде ана тілінің заңдылықтарына сүйенеді;
- Интерференция тілдің барлық деңгейінде кездеседі, алайда фонетикада анық байқалады:
 - *дыбыстық (фонетикалық немесе фонологиялық),*
 - *лексикалық,*
 - *морфологиялық,*
 - *синтаксистік,*
 - *стилистикалық, т.б.*
- **Алғашқы тіл үйренген кезде интерференция ол табиғи қалыпты жағдай болып саналады.**



Қате жасау, шатастыру

- Оқушылар, әдетте, қатені сөйлеу не жазу барысында жібереді. Оқушылардың жасайтын қателерін екіге бөлуге болады: **қателесу және шатастыру.**
- Оқушылар өз ойын жеткіземін деп қиналады да грамматикалық қателіктер жібереді. Олардың тілдік деңгейі төмен болғандықтан, жасаған қателіктерінің себебін түсінбейді. Алайда тіл үйрену барысында қателердің маңызы зор.
- Оқушылар ойларын тез айтамын, кейде тым эмоцияға берілген кезде грамматикалық нормаларды шатастыра бастайды. Бұл қате түрлері қалыпты жағдай болып табылады. Себебі өздері жасаған грамматикалық қателердің себебін біледі және түзете алады.

Қателерді жіктеу (категорияларға бөлу)

- Оқушылар қатені екі жағдайда жасайды: **ауызша мәтін** (орфоэпия, грамматика, лексика) және **жазбаша мәтін** (орфография, грамматика, лексика) құрауда.
- **Ауызша мәтін құрау** барысында кездескен қатенің түріне назар аудару қажет:

Әдетте, келесі жағдайларда қате жібереді:

- 1) Сөздерді дұрыс дыбыстап айтудан (төл дыбыстар);
- 2) Сөздерді орынсыз қолданудан (ауызекі сөз, әдеби сөз);
- 3) Грамматикадан, сөйлем құраудан (жалғау, шақ, рай);
- 4) Ұлттық-мәдени ерекшеліктерге байланысты қателер жіберу.

Оқушылар жасайтын қателердің табиғаты анықталған жағдайда ғана, оқушыға сабақ түсіндіру, практикалық жаттығулар ұсынылады және ол тиімді.

Жазбаша мәтін құрау барысында, оқушылар

- орфографиядан;
- сөз тіркестерінің орнын ауыстырудан;
- шақ пен райдан;
- қосымшалардан;
- сөйлем құрылымыан;
- пунктуациядан, т.б. қателер жасайды.

Егер мұғалім оқушының әр қатесін түзете берсе, онда оқушылар тіл үйренуге деген қызығушылығын жояды. Сондықтан мұғалім қатенің оқушы қабілеті мен тіл үйрену деңгейіне тән қасиет екенін түсіну керек.

Сондықтан практикалық тапсырмаларға көбірек назар аудару қажет.





Позитивті және негативті кері байланыс

- Тілді жаңадан меңгеріп келе жатқан оқушыға позитивті кері байланыс жасалу керек.
- Ал тілді жетік меңгерген оқушыға негативті кері байланыс ұсынуға болады.

Домбыраны жаңа тартып үйренген оқушы мен кәсіпқой домбырашыны салыстырып көрелік.